Қазақстан Республикасының ІІМ
Басқару академиясы

Академия управления
МВД Республики Казахстан

ХАТТАМА
№ 7
Астана қ.
19.03.2026 ж.

ПРОТОКОЛ
№ 7
г. Астана
19.03.2026 г.

Ғылыми-әдістемелік және
редакциялық-баспа кеңесінің отырысы

Төраға – О.Т. Сейтжанов
Хатшы – А.М. Алимханова
Қатысқандар: 13 адам (тізімі қоса беріледі).
Кеңес жүргізу үшін кворум сақталды және шешім қабылдауға құқықылы.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының 3-курс докторанты С. Жумакадр дайындаған ҚР ҚК-нің 295-1-бабында (Бағалы металдар мен бағалы тастардың, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының заңсыз айналымы) көзделген қылмыстарды тергеу алгоритмін енгізу туралы.

ҒЗИ ТАМЗО бастығы полиция подполковнигі А.М. Жусипбекованың баяндамасы.

2. ҚР ҚК-нің 105, 189, 450, 451, 464-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды талқылау туралы.

ҒЗИ ТАМЗО бастығы полиция подполковнигі А.М. Жусипбекованың баяндамасы.

3. Аяқталған ғылыми жобаларды/бағдарламаларды іске асыру тиімділігін, мультипликативтік әсерді және ғылымның полиция қызметін дамытуға қосқан үлесін бағалау жүйесін әзірлеу бойынша ғылыми зерттеу нәтижелерін талқылау туралы.

ҒЗИ бастығы полиция подполковнигі Е.М. Хакимовтың баяндамасы.

4. Академияның «ІІМ ғылыми журналы» мерзімді басылымының кезекті санын талқылау туралы.

ҒЗжРБЖҰБ бастығы полиция полковнигі Ж.Ш. Кусаиновтың баяндамасы.

5. Ғылым қызметкерлері күніне арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізуге дайындық туралы.

ҒЗжРБЖҰБ бастығы полиция полковнигі Ж.Ш. Кусаиновтың баяндамасы.

6. Жас ғалымдар арасында Үздік ғылыми жұмыс байқауын өткізу туралы Ережені бекіту туралы.

ҒЗжРБЖҰБ бастығы полиция полковнигі Ж.Ш. Кусаиновтың баяндамасы.

Scanned with CamScanner

7. Жас зерттеуші мектебі туралы ережені бекіту туралы.

ҒЗжРБЖҰБ бастығы полиция полковнигі Ж.Ш. Кусаиновтың баяндамасы.

8. Ғылыми тәлімгерлік туралы ережені бекіту туралы.

ҒЗжРБЖҰБ бастығы полиция полковнигі Ж.Ш. Кусаиновтың баяндамасы.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Жусипбекова А.М. – Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясынан 3-курс докторанты С. Жумакадр дайындаған ҚР ҚК 295-1-бабында (бағалы металдар мен асыл тастардың заңсыз айналымы) көзделген қылмыстарды тергеу алгоритмін енгізу туралы хат түскенін хабарлады.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Сейтжанов О.Т. – ұсынылған алгоритмді енгізудің мақсатқа сәйкестігін атап өтті. Ескертулер болмаған жағдайда мақұлдауды ұсынды. Қарсылықтар түскен жоқ.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Алгоритмді Академияның ғылыми қызметіне енгізу мақұлдансын.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Жусипбекова А.М. – ҚР ҚК 105, 189, 450, 451, 464-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы қысқаша баяндады.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Талқылау барысында мұқабадағы суретті ауыстыру қажеттілігі, сондай-ақ заңнама талаптарына сәйкес жасанды интеллект элементтерін пайдалану кезінде материалдарды таңбалау қажеттілігі көрсетілді. Ғылыми кеңеске шығарғанға дейін Алматы қ. ПД бастығының орынбасары Р.Е. Шарибаевтан қосымша рецензия алу ұсынылды. Қолда бар оң рецензияларды ескере отырып, әдістемелік ұсынымдарды мақұлдау ұсынылды.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Әдістемелік ұсынымдар ескертулерді ескере отырып толықтырылсын.
3. Қосымша рецензия алу қамтамасыз етілсін және пысықталған нұсқа Ғылыми кеңестің қарауына ұсынылсын.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Хакимов Е.М. – аяқталған ғылыми жобаларды (бағдарламаларды) іске асыру тиімділігін, мультипликативтік әсерін және ғылымның полиция қызметін дамытуға қосқан үлесін бағалау жүйесін әзірлеу бойынша ғылыми зерттеу нәтижелерімен таныстырды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Сейтжанов О.Т. – бағыттар бойынша коэффициенттерді бөлуге келесі өзгерістерді енгізуді ұсынды:

– «Орындалған ҒЗЖ сапасын бағалау» – 40%;

– «ҒЗЖ нәтижелерінің енгізілу деңгейі» – 40%;

– «ҒЗЖ нәтижелерінің мультипликативтік таралуы» – 20%.

Scanned with CamScanner

Абеуов Д.А. – жарияланымдық белсенділік көрсеткіштері бойынша балдарды есептеу тәртібін нақтылады.

Хакимов Е.М. – көрсеткіштерді бағалауға біріңғай тәсіл қарастырылғанын түсіндірді.

Бектурсунов Р. – «экономикалық тиімділік» терминін «ҒЗЖ нәтижелерін енгізудің әлеуметтік тиімділігі» деп ауыстыруды ұсынды.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Материалдар айтылған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып пысықталсын.

3. Пысықталған нұсқа тапсырыс берушіге (ҚР ІІМ ЖҚЖД) жіберілсін.

4. ТЫҢДАЛДЫ:

Кусаинов Ж.Ш. – Академияның «ІІМ ғылыми журналы» атты ғылыми журналының 2026 жылғы №1 (3) саны жобасының дайындығы туралы баяндады.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Талқылау барысында журналдың мазмұны мен ұсынылған мақалалар бойынша ескертулер түскен жоқ. Төраға журнал жобасын мақұлдауды және басып шығаруға ұсынуды ұсынды.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Академияның Ғылыми журналының №1 (3) санының жобасы мақұлдансын және басып шығаруға ұсынылсын.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

Кусаинов Ж.Ш. – Ғылым қызметкерлері күніне орайластырылған Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға дайындық барысы туралы баяндады. Конференцияны ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын таныстырды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Сейтжанов О.Т. – Академия буклетін жаңартуды, кофе-брейк ұйымдастыруды, синхронды аудармамен қамтамасыз ету немесе іс-шараны ZOOM платформасы арқылы аудармамен өткізу мәселесін пысықтауды тапсырды. Академия қызметкерлерін марапаттау туралы бұйрық жобасын дайындауды, сондай-ақ грамоталар мен сертификаттарды жақтаумен дайындауды қамтамасыз етуді және номинациялар бойынша тапсырылатын сыйлықтарды анықтауды жүктеді.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Конференцияны дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру іс-шараларының орындалуы қамтамасыз етілсін.

3. Марапаттау және іс-шараны сүйемелдеу үшін қажетті материалдар дайындалсын.

6. ТЫҢДАЛДЫ:

Кусаинов Ж.Ш. – жас ғалымдар арасында үздік ғылыми жұмысқа конкурс өткізу туралы ереже жобасымен таныстырды.

Scanned with CamScanner

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Ереже жобасын талқылай келе, Кеңес мүшелері оны пысықтау қажеттігі туралы шешімге келді. Келесідей ұсыныстар айтылды:

– өткізу мерзімдерін икемді күн белгілей отырып түзету;

– бағалау критерийлерімен және балдық жүйемен толықтыру;

– бағалау парағын әзірлеу және қосу.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Ереже жобасы пысықталсын және ағымдағы жылдың 23 наурызына дейін бекітуге ұсынылсын.

7. ТЫҢДАЛДЫ:

Кусаинов Ж.Ш. – Жас зерттеуші мектебі туралы ереже жобасымен таныстырды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Ереже жобасын талқылай келе, Кеңес мүшелері оны пысықтау қажеттігі туралы шешімге келді. Келесідей ұсыныстар айтылды:

– айнымалы құрамды алып тастау;

– оқу аяқталғаннан кейін тыңдаушыларға сертификаттар беруді қарастыру;

– мектептің міндеттері мен функцияларын қайта өңдеу.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Ереже жобасы пысықталсын және ағымдағы жылдың 23 наурызына дейін бекітуге ұсынылсын.

8. ТЫҢДАЛДЫ:

Кусаинов Ж.Ш. – Ғылыми тәлімгерлік туралы ереже жобасымен таныстырды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Ереже жобасын талқылай келе, Кеңес мүшелері оны пысықтау қажеттігі туралы шешімге келді. Келесідей ұсыныстар айтылды:

– айнымалы құрамды алып тастау;

– оқу аяқталғаннан кейін тыңдаушыларға сертификаттар беруді қарастыру;

– мектептің міндеттері мен функцияларын қайта өңдеу.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Ереже жобасы пысықталсын және ағымдағы жылдың 23 наурызына дейін бекітуге ұсынылсын.

Төраға **О. Сейтжанов**

Хатшы **А. Алимханова**

Scanned with CamScanner